

«6D021000 - Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Анипина Алия Каркеновнаның «Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламала рға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 Қаулысы) қойылған «Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру» атты бесінші міндетіне, «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасында (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №724 Қаулысы) қойылған «Мемлекеттік тілді дамытуға жағдай жасау» атты екінші міндетіне толықтай сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдарға арналған келесі ғылым дамуының басым бағытына сәйкес:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер»; - «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер». <p>Ғылыми жұмыс ғылымның және білім берудің негізгі трендтеріне сәйкес әзірленген.</p>

		3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады, маңыздылығы зор. Диссертацияның құрылымы, тақырыбы, мазмұны жүйелі және ғылыми-теориялық тұрғыдан дәлелденген. Жұмыстың орындалу сапасы жоғары. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген түйіндер мен қорытындылары шынайы, нақтылығымен және ғылыми көзқарастарының тиянақтылығымен тұжырымдалған. Ақпараттық дәуірдегі ұлттың мәдени-рухани қазынасын сақтауда, оны жаңа коммуникациялық ортаға бейімдеп дамытуда мақал-мәтелдің атқаратын мақсат-міндеттерін ғылыми тұрғыда зерттеудің өзектілігі күн санап артуда. Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің тілдік және мәдени ерекшеліктерін жүйелеп тұжырымдау арқылы диссертация отандық шетел филологиясының ғылыми-теориялық негізін жетілдіруге елеулі үлес қосады. Қазақ ұлтының мақал-мәтелдерінің лингвомәдени ерекшеліктерін қытай тіліндегі мақал-мәтелдермен салғастыра зерттеу диссертацияның маңызын өсіп тұр.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияның жазылу деңгейі жоғары. Жұмысты ізденушінің өзі жазғандығы өзіндік баяндау стилінен анық байқалып тұр. Жұмыс мазмұны ғылыми стилмен баяндалады. Диссертациялық жұмысты дайындау барысында жарияланған ғылыми мақалалар мен конференцияда жасалған

			баяндамалардан ізденушінің жазу дағдыларының жоғары деңгейі анық байқалады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі жан-жақты негізделген. Ішкі бірлігі заңды түрде сақталған. Қазақ және қытай қоғамдары арасындағы мәдениетаралық байланыстың белсенді дамуы, олардың әртүрлі лингвомәдениет өкілдерінің ұлттық тұлғасын зерттеуге деген қызығушылығы қытай және қазақ мәдениет өкілдерінің мәдениетаралық қауымдастығы тұрғысынан қажеттіліктің артуымен түсіндіріледі. Қазақстан мен Қытай арасындағы саяси және әлеуметтік-мәдени диалогты дамыту жағдайында өзара түсінісу категориясы маңызды. Осы параметрлер негізінде тілде бекітілген бірліктерде (мақал-мәтелдерде) көрініс тапқан әр халықтың өзіндік ұлттық сипатын білу нәтижелі диалог құруға септігін тигізеді. Соған сәйкес осы мәселенің лингвистикалық және мәдени қырларын жан-жақты зерттеу, тілдік бірліктер мақал-мәтелдердің мағынасы мен түп-төркінін, қолданылу ерекшеліктерін айқындау қажеттілігі туындап отыр. Бұл тұрғыдан келгенде диссертация тақырыбы өзекті, мақсат-міндеті айқын. Аталған жұмыс диссертацияларға қойылатын талаптарға толық жауап береді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Диссертация құрылымы анықтамалардан, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертация мазмұны құрылымдық жағынан біртұтас болып табылады. Тараулары мен тараушалары арасында үйлесімділік пен логикалық байланыс сақталған. Әр тараудың соңында жасалған түйіндер мен қорытындыда басты тұжырымдар, зерттеу нәтижелері көрініс табады. Оларда реттілік, жүйелілік

	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>бар.</p> <p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсатына сәйкес қытай және қазақ тілдері мақал-мәтелдеріндегі ұлттық дүниетанымның бейнесі анықталды және осы арқылы қытай және қазақ халықтарының лингвомәдениеттеріндегі ұқсас және айрықша белгілері көрсетілді. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің ерекшеліктері, жалпы сипаты, лингвомәдени ерекшеліктері талданған. Диссертацияға қойылған міндеттер толықтай орындалған, зерттеудің құрылымын түзетін үш бөлімнің мазмұнына сәйкес жинақталып көрсетілген.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен толық байланысқан, ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген. Зерттеу жұмысының құрылымында жүйелік, өзара байланыстылық бар. Диссертация құрылымынан зерттеушінің қарастырылып отырған тақырыпты жан-жақты сипаттайтын негізгі мәселелерді қамтығандығы, ғылыми ізденістің жүйелілігі, диссертация бөліктерінің ішкі сабақтастығы анық көрінеді. Бұл тұрғыдан келгенде диссертацияның: «Мақал-мәтелдер – әлемнің тілдік бейнесінің көрінісі», «Мақал-мәтелдердің лингвомәдени негіздемесі» және «Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени тұжырымдамасын салғастырмалы зерттеу» деп аталатын үш бөлімі (тарауы) де, олардың ішкі шағын тақырыпшалары да өзара тығыз байланысып, біріне-бірі туындап негізгі тақырыпты жан-жақты аша түсуге бағытталған. Соған сәйкес алынған нәтижелердің ішкі бірлікте болуына қол жеткізілген. Диссертацияның құрылымы негізгі</p>

			<p>тақырыпты ашуға жан-жақты бағытталған тақырыптар құрап тұрғандықтан, ой-тұжырымдар өзара сабақтасады. Соған сәйкес диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық жағынан да тығыз байланысып, алынған нәтижелері үндесіп, сабақтаса баяндалған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла талданып, зерттеушінің өз тарапынан қосқандары ажыратылып көрсетіледі. Зерттеуші тарапынан өзіндік тұжырымдары, тың пайымдаулары, сыни талдаулары бар. Әсіресе, диссертанттың ғылыми жұмысты жазу барысында: қазіргі тіл ғылымында қалыптасқан негізгі ұстанымдар мен қытай және қазақ халықтарының дамуындағы мәдени-тарихи үрдісті айқындауда мақал-мәтелдерді жаппай жинақтау, топтау, сұрыптау, мақал-мәтелдердің құрылымына қарай семантикалық және морфологиялық тәсілдерімен қатар ғылыми сипаттама әдісі, салғастырмалы-типологиялық әдісі, қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің тарихи даму үдерісін анықтау үшін салғастырмалы-типологиялық әдіс; «мақал» және «мәтел» ұғымдарының философиялық мәні мен тілдегі логика-семантикалық құрылымын анықтау, ұлттық таным тұрғысынан зерделеу үшін компонентті талдау әдісі; мақал-мәтелдердің функционалды – семантикалық өрісін түзу үшін жүйелеу әдісі; мақал-мәтелге қатысты ассоциациялардың санын анықтау, шынайылығы мен сәйкестігін белгілеу үшін эксперимент әдісі диссертацияда ұтымды қолданғандығын ерекше айтып өтуге болады. Сонымен қатар диссертанттың өзіндік сыни талдаулары, көзқарастары, пікірлері айқын.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Ізденуші</p>

принципі	<p>ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында төмендегідей жаңа нәтижелерге қол жеткізген: мысалы, салғастырылған тілдердегі мақал-мәтелдердің мағынасы мен ұлттық болмысты бейнелейтін ішкі мәні лингвомәдени және концептуалдық тұрғысынан қарастырылып, мәдениаралық коммуникациялық қызметінің ерекшеліктері кешенді түрде сараланған. Бұл диссертант еңбегінің толығымен жаңа зерттеу екендігін дәлелдейді әрі зерттеу нәтижелері толығымен жаңа болып табылады.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Әр қорытынды жеткілікті түрде жасалған тілдік талдауларға негізделеді. Зерттеу барысында айқындалған негізгі тұжырымдар: қытай және қазақ мақал-мәтелдерінің қызметін лингвомәдениеттану аспектісінде зерттеу әдістемесі үш кезенді қамтиды: мақал-мәтелдердің мәдени кеңістікке ену жолдарын зерттеу; қытай және қазақ мақал-мәтелдерінің когнитивтік және метафоралық сипаттамаларын зерттеу; екі тілдегі мақал-мәтелдердің сөйлеудегі қызметі талданды; қытай және қазақ мақал-мәтелдерін мәтіндерге енгізгенде лексика-семантикалық түрлендірулер байқалады: лексикалық компоненттердің ауыстырылуы, толықтырылуы және түсіп қалуы, сондай-ақ мақал-мәтелдің құрамдас бөлігінің ауыстырылуына және толық ауыстырылуына әкелетін паремиологиялық ластанулар орын алады; дискурста қызмет ететін қытай және қазақ мақал-мәтелдері жоғары когнитивтік және метафоралық әлеуетімен ерекшеленеді, бұл бірліктердің әлеуметтік-мәдени ортаға тиімді бейімделуіне мүмкіндік береді; лингвомәдениеттануда қытай және қазақ мақал-мәтелдерінің</p>

			<p>қызметінің ерекшелігі олардың қытай және қазақ тілдеріндегі мәтіндерде ғана емес, сонымен қатар кеңірек тақырыптағы материалдарда (экономика, саясат, қоғамдық өмір, мәдениетаралық өзара әрекеттестік, спорт, білім беру тақырыптары) екі елдің мәдениетін сипаттайтын мүмкіндіктер айқындалды;</p> <p>туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің құрамындағы тілдік-мәдени компоненттер сол тілдердегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени сипатын ашады. Осы айтылған тұжырымдардың барлығы жұмыстың қорытынды нәтижелерінің жаңа екендігін көрсетеді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жұмыста ұсынылған барлық шешімдер жаңа, олар зерттеудің үш тарауында теориялық талдаулар мен нақты тілдік деректер арқылы толығымен жаңадан негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертацияда айтылған пікірлер дереккөздерден алынған нақты мысалдармен дәйектелген. Зерттеу жұмысының қорытындылары ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелермен негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p>	<p>Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелерге сүйене отырып, диссертант А.К. Анипина ұсынған қағидаттарға</p>

	негізгі қағидаттар	<p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>тоқталсақ:</p> <p>7.1 Ғылыми жұмыста қағидаттар дәлелденген.</p> <p>7.2 Ғылыми жұмыста қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Ғылыми жұмыста қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4 Ғылыми жұмыстағы қағидаттардың қолдану деңгейі кең ауқымды.</p> <p>7.5 Ғылыми жұмыстағы қағидаттар тоғыз мақалада дәлелденген.</p> <p>Соның ішінде, бір мақала Scopus ғылыми дерекқоры базасына кіретін басылымда, төрт мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, төрт мақала халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында жарияланды.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің</p>	<p>Иә. Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты жазылған. Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс таңдалған. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне салғастырмалы-типологиялық әдіс, компонентті талдау әдісі, жүйелеу әдісі, сандық талдау, классификациялық әдістері, мақал-мәтелдердің шынайылығы мен сәйкестігін белгілеу үшін эксперимент әдісімен қатар жаппай жинақтау, топтау, сұрыптау тәсілдері қолданылған.</p> <p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>

		<p>қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның рәсімделу деңгейі де жоғары. Зерттеу жұмысында мақал-мәтелдерді әр қырынан талдау негізінде түзілген кестелер түрлі сызбалар өте мол. Сол арқылы диссертант талдаулар қорытындысы мен алынған нәтижелерді айқын әрі көрнекі етіп ұтымды көрсетеді.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген. Диссертанттың өзіндік тұжырымдары нақты мысалдармен талдауға негізделген, тілдік материалдармен дәлелденген. Жұмыстың мақал-мәтелдердің теориялық негізін нығайтуға септігі тиімен қатар практикалық құндылығы жоғары екенін айтқан жөн. Мәселен, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту тәжірибесінде (атап айтсақ, қытай аудиториясында), сондай-ақ қытай тілін қазақ аудиториясында оқыту үдерісінде пайдалану мүмкіндігіне ие; лингвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация, фразеология және паремиология бойынша лекциялық курстарды оқу кезінде; лингвомәдени және қос тілді сөздіктерді құрастыру тәжірибесінде; аударма тәжірибесінде қолдануға мүмкіндік береді.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара</p>	<p>Зерттеу жұмысында көрсетілген маңызды мәлімдемелер сенімді және нақты. Ғылыми әдебиеттер сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттер шетелдік және отандық зерттеушілердің монография, мақала, диссертациялық</p>

		расталған / расталмаған	<p>зерттеулері болып табылады. Атап айтқанда, зерттеу жұмысына тікелей қатысты теориялық еңбектер: Ә. Қайдар, А.Б. Салқынбай, Р.А. Авакова, Ф.Н. Даулет, Г.Н. Смағұлова, Ф. Оразақынқызы, Ө. Тұрманжанов, Б. Қалиев, Ә. Хасенов, Ж. Асықова, Н. Уалиұлы, Д. Балабекұлы, А.В. Шормакова, Э.Н. Оразалиева, А. Алдашева, С.М. Керимова; шетелдік ғалымдардан Л.С. Васильев, Е.И. Зиновьева, Ю.Д. Апресян, М.Е. Кравцова, Н.А. Спешнев, И.Р. Кожевников, И.В. Вайцехович, И.Г. Баранов, А.С. Мартынов, Б.Л. Рифтин, В.Н. Телиян, С.В. Зинин, М.В. Крюков, В.А. Курдюмов, И.С. Лисевич, Ю.А. Антонова, В.И. Даль, Г.Л. Пермяков, В.П. Аникин, С.Ю. Сизов, Н.Т. Федоренко, Е.В. Иванова, У.Н. Решетнёва, Я.А. Журавлева, Лю Чаоцзе, Тан Аошуан, Чжао Чжицян, Лу Шусян, Вэн ДуаньЧжэн, Цун Япин, Ли Ханвен, Цзин Вэй, Хоу Пу, Ма Лун және т.б. ғылыми жұмыстарындағы теориялық тұжырымдар докторанттың зерттеуіне негіз болған.</p> <p>Сонымен қатар бұл ғылыми жарияланымдардың көбісінің жарық көрген мерзімі де соңғы кезеңдерді қамтиды. Бұл диссертацияда ғылымдағы соңғы уақыттардағы зерттеулердің де ескерілгендігін көрсетеді.</p>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертант зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттерді кеңінен қамтыған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Ия. Зерттеудің теориялық маңызы жоғары. Зерттеу жұмысының нәтижелері шетел филологиясы, лингвомәдениеттану, лексикография салаларындағы бұған дейін бар зерттеулерге теориялық тұжырымдарды толықтырады және дамытады әрі өзіндік үлес</p>

			қосады. Сонымен қатар зерттеліп отырған мәселе, яғни қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени тұрғыдан ерекшелігін қарастыру жағынан маңызы бар. Зерттеу жұмысының теориялық-әдістанымдық ұстанымдары алдағы осы бағыттағы тың жұмыстардың жазылуына жол ашады. Оған диссертациядағы автор пайымдаулары мен талдаулары дәлел бола алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар. Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жұмысының нәтижелері қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту тәжірибесінде (атап айтсақ, қытай аудиториясында), сондай-ақ қытай тілін қазақ аудиториясында оқыту үдерісінде пайдалану мүмкіндігіне ие; лингвомәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация, фразеология және паремиология бойынша лекциялық курстарды оқу кезінде; лингвомәдени және қос тілді сөздіктерді құрастыру тәжірибесінде; аударма тәжірибесінде қолдануға мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, себебі қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдер алғаш рет тілдік және мәдени тұрғыдан зерттеліп отыр.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Докторлық диссертация ғылыми стильге сауатты, жоғары деңгейде жазылған, техникалық жағынан дұрыс рәсімделген және мемлекеттік стандарттар қоятын талапқа сай келеді.

ШЕШІМ:

Анипина Алия Каркеновнаның «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін дайындаған «Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы заманауи шынайылық қажеттіліктерін қанағаттандыратын, мән-мазмұны айқындалған ғылыми жұмыс болып табылады. Зерттеу жұмысы автордың біліктілігі жоғары, ғылыми көзқарасы мен ұстанымы айқын, отандық ғылымның теориялық міндеттерін шешуге өз үлесін қоса алатын шетел филологиясының маманы екендігін көрсетеді.

Сын-пікір жазуға берілген Анипина Алия Каркеновнаның «Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының теориялық және практикалық құндылығы, жаңашылдығы, маңызды нәтижелерін, жұмыстың ауқымын ескере отырып «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қытай филологиясы кафедрасының меңгерушісі, философия докторы (PhD)



Д. Акбарқан

18.03.2024 ж.

